



Кішкентай
оқырмандарға
арналған журнал

№3



БАЛАПАН ӘЛЕМІ



БАЛАПАН ӘЛЕМІ

№3



Қазақстан Республикасы
Ғылым және
жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің
тапсырысы бойынша
шығарылды.

Редакциялық алқа
мүшелері:

Болатов Санжар
Қапантайұлы
Шынар Қапантайқызы
Алимхан Айгүл
Әсетқызы
Болатова Айұл
Санжарқызы
Қабидоллина Құралай
Қабидоллақызы
Қабдуллина Анар
Қабиденқызы
Баймурзин Мади
Охметұлы

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат министрлігінде
тіркеліп, 24.04.2009 жылы
№10074 Ж тіркеу куәлігі берілген.

Шығарушы:
ЖК «MediaSoft»
070016 Өскемен қаласы
Ш.Қалдаяқов көшесі 33
тел.: 87054985044
e-mail: MediaSoft74@list.ru

Басуға қол қойылады:
Таралымы:
Тапсырыс:

МАЗМҰНЫ:

Тілашар «Мен зерек баламын!	3 бет
Менің Отаным - Қазақстан!	4 бет
Ол кім? Бұл не?	5 бет
Ойлан - тап...	6 бет
Боямақтар	7 бет
Ұлттық ойындар	8 бет
Атаулы күндер	9 бет
Ұлылар ұлағаты	10 бет
Өлеңді жаттап аламыз	11 бет
Ертегілер елінде	12 бет
Сергіту жаттығулары	13 бет
Жұмбақтар	14 бет
Жаңылтпаштар	15 бет
Сен білесің бе?	16 бет
Техника тілі	17 бет
Менің туған жерім	18 бет
Ойнаймыз да ойнаймыз	19 бет
Суреттер сөйлейді	20 бет
Сурет салып үйренеміз	21 бет
Суретті сөздік	22 бет
Жемі қазына	23 бет
Ата-анаға кеңес	24 бет





ілашар

Мен зерек баламын.

Ата-анам көрсеткен,
Әріптерді үйренем.
Әңгімені ертеке пен,
Өзім оқим үйде мен,



ТАПСЫРМА

Шаршыларда берілген
әріптерге сәйкес
суреттерді ата



Менің Отаным - Қазақстан!

Қазақстан - көпұлтты мемлекет!

Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз.
Қазақстан - туған ел.
Жүрегіміз, жанымыз!



Қазақстан – көп ұлтты мемлекет, мұнда 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Солардың Отанына айналған біздің кең байтақ еліміз қашанда өзге ұлт өкілдерін құрметтеп, оларды бауырына басуға дайын. Қазақстанның халқы – көптеген ұлттардың бірлестігі. Әрбір ұлттың өз тарихы, тілі мәдениеті, тарихи отаны болады.



ӘЛЕМДЕГІ БОЙЫ ЕҢ КІШКЕНТАЙ АДАМ



Хагендра Тапа Магар 1992 жылы Непалда туған.
Оның бойы 67,08 сантиметр. Тәуелсіз қозғалу
қабілеті бар әлемдегі ең кішкентай адам ретінде танылып,
2011 жылы рекордтар кітабына енгізілген.

ОЛ КІМ?



ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КІШКЕНТАЙ ҚҰС

Колибри – ұзынқанатты құстар отрядының бір тармағы,
әлемдегі ең кішкентай құс.

Денесінің ұзындығы 5,7 см-ден – 21,6 см-ге дейін,
салмағы 1,5 – 20 г-дай.

БҰЛ НЕ?



Ойлан - тап!



Мына 5 суреттің ішінен
артық 2 суретті көрсет.




Бос орынға қай суретті қоямыз?



Ойыншық неше
бөліктен тұрады?



БОЯМАҚТАР



Ұзын мұртты
құмырсқа
Бара жатыр
жұмысқа.



Біздің мысық,
Өзі пысық.
Қарап отыр,
Іші пысып.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Ұлттық киім түрлері

Сыртқы (өң) киімдер: жадағай шапан, жарғақ, күпі, сырмалы шапан, тайжақы, тон, шапан, шидем, ішік.
Сулық киімдер: аба, кебенек, кенеп, сырттық, шекпен.
Ерлердің бас киімдері: башлық, бөрік, далбай, жалбағай, жекей тымақ, күлапара, қалпақ, құлақшың, малақай, мұрақ, тақия, тымақ, шалма.



Атаулы күндер



1
мамыр
халықтар
бірлігі
күні!



7
мамыр
Отан
қорғаушылар
күні!



Ұлылар ұлағаты



Құрманғазы Сағырбайұлы

Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896) — қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспапты музыка өнерінің классигі.

1818 жылы Бөкей Ордасында дүниеге келген Құрманғазы, кедей отбасыдан шыққан. 6 жасынан бастап шопан болып жұмыс істеуге мәжбүр болды. Оның музыкаға деген сүйіспеншілігі әкесіне ұнамады, бірақ, анасы Алқа, баласының бұл ұмтылысын қолдады.

Ең атақты күйлері: «Кішкентай», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Ақсақ киік», «Адай» және «Алатау». Қазіргі уақытқа оның 60 - тан аса күйі жетті.



Өлеңді жаттап аламыз



Біздің апай жақсы адам,
Мені күнде мақтаған.
Көңілді боп қайтамын,
Күнде балабақшадан.



Ертегілер елінде



Ақ тиін мен қасқыр

Ақ тиін мен қасқыр

Бір күні ақ тиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп, ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды. Қасқыр қарғып тұрып оны жегісі келеді. Ақ тиін жалынып:

- Мені жеме, жібер? – дейді. - Жарайды, жіберейін, бірақ сен маған айт: неліктен сендер әр уақытта шат болып жүресіңдер?

Сонда ақ тиін:

- Мені жіберіңіз, содан соң айтайын, әйтпесе жүрегім дірілдеп, сөйлей алатын емеспін, – дейді.

Қасқыр ақ тиінді босатады. Ақ тиін ағаш басына шығып алып:

- Сен қасқыр, залымсың, залымдық ішінді жандырады. Сондықтан әрқашан қапалы жүресің. Біз ешкімге жауыздық істемейміз, сол үшін де әр уақытта мәз болып жүреміз, – депті.





Сергіту жаттығулары

**Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.**



ЖҰМБАҚТАР

Ұзын мойны,
Екі ішек,
Қатар-қатар тепкішек.
Басып көрсең бір-бірлеп,
Үн шығады күмбірлеп.



Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Қызыл, сары, жасылды,
Көкте бір зат асылды.

ЖАҢЫ АЛТ ПАШТАР



Сары қыз
Қарбыз жеді.
Сары қыз қарбызды
Жалғыз жеді.



Шырмауық шөп,
Шырмалып кеп
Талға жабысады.
Ошаған,
Тасадан
Малға жабысады.



Шеше, шеше,
Неше кесе
Сынды кеше?



Сен білесің бе?



Құрамында ең суы көп көкөніс – қияр.

Қара шайға қарағанда көк шайда С дәрумені 50 пайыз артық.

Қыста ағаш өспейді.

Бір түп ащы жусанда 100 000 тұқым бар.

Жаңа үзілген алма суға бат пайды.

Швейцарияда орден-медальдар жоқ.

Кувейт пен Катарда табыс салығы салынбайды.



ТЕХНИКА ТІЛІ



Water Pure Max 4D PM-ON-25 ақылды су бөтелкесі
Water Pure Max 4D тек бөтелке емес,
40 МВт Қос ультракүлгін ультракүлгін шамымен жабдықталған портативті су тазартқыш.


Ол тікелей қақпаққа салынған және аурухананың операциялық бөлмелері мен су тазарту қондырғыларын дезинфекциялау үшін қолданылатын ультракүлгін сәулелермен бірдей толқын ұзындығына ие.

Су екі рет тазартылады: алдымен ультракүлгін шамымен, содан кейін мезгіл-мезгіл өзгеріп отыратын сүзгі картриджі арқылы.



ТАПСЫРМАЛАР, ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...



ЖҮРЕКШЕЛЕРДІҢ ЖЕТІСПЕЙТІН БӨЛІГІН ТАП




ТАПСЫРМАЛАР,

ОЙНАЙМЫЗ ДА, ОЙЛАЙМЫЗ...


ОЙЫНШЫҒЫН ТАУЫП БЕР



СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМІЗ



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



Тапсырма

Суреттерге қарап,
әңгіме құрастыр



СУРЕТТІ СӨЗДІК



Жемістер

Апельсин
Апельсин



Тиін
Белка



Алма
Яблоко



Өрік
Слива



Алмұрт
Груша



Шие
Вишня



Құлпынай
Клубника



Банан
Банан



Кішкентай
оқырмандарға
арналған журнал

Құрметті, Ата-аналар!
Бала тәрбиесі - ата-ана үшін
үлкен жауапты міндет.
Жас шыбық иілгіш болса,
жас бала да сондай жақсыға да,
жаманға да бірдей бейім болатыны мәлім.
Қазақта: «Баланың бас ұстазы – ата-анасы»,
- деген сөз бар.
Сондықтан, «Балапан әлемі» журналын
балаңызбен бірге оқып,
мәтіндер мен тапсырмалардың мағыналарын
түсіндіріп беруіңізді сұраймыз.
Бұл журнал сіздің балаңызға арналады.

БАЛАПАН
ӘЛЕМІ

№3